

№ 2266 болып тіркелген, "Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны орындауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2003 жылғы 4 мамырдағы № 81 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2004 жылғы 26 қарашадағы № 343 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 22 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу № 3296. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2009 жылғы 24 желтоқсандағы № 170 Бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2009.12.24 № 170 бұйрығымен.

Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны орындау тәртібін жетілдіру мақсатында, БҰЙЫРАМЫН:

1. "Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны орындауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2003 жылғы 4 мамырдағы № 81 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2266 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны орындауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықта:

20-тармақтағы "жеке істегі көшірме" деген сөздер "жеке ісі" деген сөздермен ауыстырылсын;

34-тармақ мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын:

"Бұрын салынған жазаны уақытынан бұрын алып тастауға жазаны салған күннен бастап кемінде алты ай жол берілмейді.";

38-тармақта "жазбаша түрде" деген сөздер "(6 және 7 қосымша)" деген сөздермен толықтырылсын, "бұйрықтарды" деген сөз "марапаттау және жазалау" деген сөздермен ауыстырылсын;

50-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"науқасы ауыр немесе мүгедек болған кезде - сот қаулысының көшірмесі;"

4-қосымшада "бұйрықтарды" деген сөз алынып тасталсын;

осы Бұйрыққа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес "сотталғанды марапаттау туралы қаулы" деген 6-қосымшамен және "сотталғанға тәртіптік жаза қолдану туралы қаулы" деген 7-қосымшамен толықтырылсын.

2. Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің облыстар және Астана қаласы бойынша басқармалардың бастықтары Нұсқаулықта енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып жеке құрамның зерделеуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің төрағасына жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Әділет министрі

Қазақстан Республикасының

" К Е Л І С І Л Д І "

Қазақстан Республикасының

Б а с п р о к у р о р ы

2 - с ы н ы п т ы м е м л е к е т т і к

ә д і л е т к е ñ е с ш і с і

2004 жылғы 17 қараша

" К Е Л І С І Л Д І "

Қазақстан Республикасының

І ш к і і с т е р м и н и с т р і

2004 жылғы _____

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2004 жылғы 26 қарашадағы
N 343 бұйрығына 1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2003 жылғы 4 мамырдағы
N 81 бұйрығымен бекітілген
Бас бостандығын шектеу
түріндегі жазаны орындауды
ұйымдастыру жөніндегі
н ұ с қ а у л ы қ қ а

6-қосымша

Сотталғандарды марапаттау туралы

ҚАУЛЫ

Сотталған _____

(а т ы - ж ө н і , т у ғ а н ж ы л ы)

(марапаттауға негіздеме көрсетіледі)

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 49-бабын
басшылыққа алып

Қ А У Л Ы Е Т Т І

Сотталған _____

(а т ы - ж ө н і)

(марапаттау түрі көрсетіледі)

Орда облысы бойынша ҚАЖ комитетінің Орда Қылмыстық-атқару
инспекциясы басқармасының бастығы (аға маман-инспектор,
маман-инспектор)

әділет капитаны

Ә.Қ.Ордабаев

(атағы)

(қолы)

(аты-жөні)

20__ ж " __ " _____

Қ а у л ы м а ғ а н ж а р и я л а н д ы

(күні және сотталғанның қолы)

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2004 жылғы 26 қарашадағы
N 343 бұйрығына 2-қосымша
Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2003 жылғы 4 мамырдағы
N 81 бұйрығымен бекітілген
Бас бостандығын шектеу
түріндегі жазаны орындауды
ұйымдастыру жөніндегі
н ұ с қ а у л ы қ қ а

7-қосымша

**Сотталғанға тәртіптік жаза қолдану туралы
қаулы**

Сотталған _____
(а т ы - ж ө н і , т у ғ а н ж ы л ы)

_____ (бұзушылықтың мән-жайы жазылады)
_____ көрінген жазаны өтеу
режимін бұзуға жол берген

Сотталған _____ жазбаша түсініктемесін және басқа да
тексеріс материалдарын қарай келе, Қазақстан Республикасы
Қылмыстық-атқару кодексінің 50-бабын басшылыққа алып

ҚАУЛЫ ЕТТІ

Сотталған _____
(а т ы - ж ө н і)
жазаны өтеу режимін бұзғаны үшін _____
(тәртіптік жазаның түрі көрсетіледі)

Орда облысы бойынша ҚАЖ комитетінің Орда Қылмыстық-атқару
инспекциясы басқармасының бастығы (аға маман-инспектор,
м а м а н - и н с п е к т о р)
әділет капитаны Ә.Қ.Ордабаев

(атағы) (қолы) (аты-жөні)
20__ ж " __ " _____
Қ а у л ы м а ғ а н ж а р и я л а н д ы

(күні және сотталғанның қолы)